

М. Елеуов^{1*}, Д. Талеев², А. Молдахмет¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: madiareleyov@mail.ru

ІҢКӘРДАРИЯ МЕН ЖАҢАДАРИЯ АРНАЛАРЫНЫҢ БАСТАУЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН БЕКІНІСТЕР (2021 жылы жүргізілген барлау жұмыстары бойынша)

Мақалада Іңкәрдәрия мен Жаңадәрияның бастауындағы ортағасырлық қалалар мен бекіністерде 2021 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері беріліп, өлкенің зерттелу тарихы, ескерткіштердің орналасқан жері, алып жатқан көлемдері жөнінде тың ақпараттар ұсынылады. Атқарылған зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Университет археологиялық барлау тобы (М. Елеуов) жүзеге асырды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы уақытқа ғылыми қоғамның назарынан тыс қалған 7 ескерткіш ашылып, тізімге алынып, олардың үшеуі (Мадиярқала, Жайны және Сайқұдық I) қала орындары, үшеуі асарлар (Үшасар I, II, III), біреуі бекініс-қамалдың (Жайны) орны екені анықталды. Университеттің барлау тобы кейбір ескерусіз қалған ескерткіштерді есепке алуда археология заңдылықтарына сүйене отырып атау берді. Сондай-ақ университет археологиялық барлау тобы бұрыннан ғылымға белгілі Сырлытамқала, Заңғарқала, Тоқсейітқала, Сайқұдыққала Қожа-қазғанқала және Егембай деп аталтын 6 ескерткіште болып, олардың осы күнгі жай-күйі және қорғалу деңгейімен танысты. XX ғасырдың 40-60 жылдар аралығында Сырдарияның төменгі ағысындағы ескерткіштерді есепке алу барысында Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (С. Толстов) тарапынан біршама қателіктер орын алған. Сондықтан мақалада жоғарыда атқарылған жұмыстардағы кейбір қателіктерге түзетулер енгізіліп, ескерткіштердің дұрыс аталуы мен орналасуы және олардың алып жатқан көлемдері қайтадан нақтыланып берілді.

Түйін сөздер: Сырдария, Іңкәрдәрия, Жаңадәрия, барлау, қазба, ортағасыр, қала, бекініс, қамал, асар, ескерткіштер.

M. Yeleuov^{1*}, D. Taleev², A. Moldakhmet¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Institute of Archaeology named A.H. Margulan, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: madiareleyov@mail.ru

Medieval cities and fortresses at the sources of Inkardariya and Zhanadarya (On the base of work carried out in 2021)

The article presents the first results of research, conducted in 2021 in medieval cities and fortresses at the sources of Inkardarya and Zhanadarya and provides additional information about the history of the region's exploration, location of monuments and their occupied volume. The research work was carried out by the archaeological research group of the Al-Farabi Kazakh National University (M. Eleuov), commissioned by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. As a result of the research, 7 monuments were discovered and listed, three of them (Madiyarkala, Zhainy and Saikuduk I) were located in the city, three were asars (Ushasar I, II, III) and one was a fortress (Zhainy). The expeditionary team of university gave the name based on the laws of archaeology in accounting of some of the missing monuments. As well as the expeditionary team of the university visited 6 long-known monuments of Syrlytamkala, Zangarkala, Tokseitkala, Saikudykala Kozha-kazgankala and Egembay where they got acquainted with the current state and the level of protection. In the period from 40 to 60 of XX c., some mistakes were made by the Khorezm archaeological and ethnographic expedition (S. Tolstoy) in accounting of monuments in the lower reaches of Syrdarya. Therefore, some mistakes in the above-mentioned works were corrected in the article, and the correct name and location of monuments and their occupied volumes were clarified again.

Key words: Syrdarya, Inkardarya, Zhanadarya, exploration, excavation, medieval, city, fortress, fortress, asar, monuments.

М. Елеуов^{1*}, Д. Талеев², А. Молдахмет¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Институт археологии имени А.Х. Марғұлана, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: madiareleyov@mail.ru

Средневековые города и крепости у истоков Инкардаря и Жанадаря (По итогам разведочных работ, проведенных в 2021 году)

В статье представлены первые результаты исследований, проведенных в 2021 году в средневековых городах и укреплениях у истоков Инкардаря и Жанадаря, а также дается подробная информация об истории изучения края, месте расположения памятников, занимаемых им площадях. Проведенные исследования осуществлялись группой археологической разведки (М. Елеуов) Казахского национального университета имени аль-Фараби по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан. В результате проведенных исследований было открыто 7 памятников, которые до этого времени остались неоткрытыми, три из них (Мадияркала, Жайны и Сайкудук I) являются городскими местами, три асара (Ушасар I, II, III), одна крепость (Жайны). Разведочная группа университета дала им названия, основываясь на закономерностях археологии в учете некоторых памятников. Также группа археологической разведки университета посетила 6 известных науке памятников: Сырлытамкала, Зангаркала, Токсеиткала, Сайкудыкала Ходжа-казганкала и Егембай, ознакомилась с их состоянием и степенью сохранности на сегодняшний день. В период 40–60-х годов XX века при учете источников в низовьях Сырдарьи были допущены значительные ошибки Хорезмской археолого-этнографической экспедицией (С. Толстов). Поэтому в статье были внесены поправки в местах ошибок в вышеуказанной проделанной работе, уточнено правильное название и расположение памятников и занимаемые ими площади.

Ключевые слова: Сырдарья, Инкардаря, Жанадаря, разведка, раскопки, средневековье, город, крепость, замок, асар, памятники.

Кіріспе

2018 жылы Қызылорда обылысы, Ескерткіштерді қорғау мекемесінің қаржыландыруымен Сырдария ауданында ортағасырлық Қышқала қалашығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыбы аясында археологиялық барлау жүргізген болатын. Ортағасырлық Қышқала қаласының маңында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары барысында 3 қала және 4 елді мекеннің орындары анықталып, олардың топографиялық жобасы түсіріліп, қысқаша сипаттамасы жасалынды (Қызылорда облысы Сырдария ауданы, 2018: 27).

2021 жылғы маусым айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессор М. Елеуов басқарған Университет археологиялық экспедициясы құрамында осы университеттің докторанттары И. Құрманязов, А. Молдахметов, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері Д.Ә. Талеев, Л.Н. Гумилев атындағы Ұлттық университетінің докторанты С. Есен бар барлау тобы «АР09260898 Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» ғылыми жобасын орындау мақсатында Сырдария өзенінің

ескі арналары Жаңадария мен Іңкәрдарияның тоғысатын тұсындағы аймақта археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді (Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі есеп, 2021: 5).

Барлаудың мақсаты

2018 жылдан бері тұрақты археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келе жатқан Қышқала (Қыштөбе) қалашығынан батысқа қарай 100 км аралықта орналасқан бұрыннан белгілі ортағасырлық қалалар, бекіністер мен елді мекендердің орналасқан жерін анықтау, олардың қазіргі экологиялық жай-күйімен танысу, сол ескерткіштерге қатысты қосымша анықтамалық мәліметтер жинау, осы кезге дейін ғылымға белгісіз ескерткіштер кездесе оларды есепке алып, ғылыми айналымға енгізу.

Материалдар мен әдістер

Тақырып аясында жарияланған ғылыми еңбектер сараланып, Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының материалдары егжей-тегжейлі талқыланып, кейбір тұжырымдар мен қорытындыларына салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді.

Барлау жұмыстарын жүргізуде заманауи техникалық құралдар пайдаланылды. Атап айтсақ «Google Earth» спутниктік байланыс құралы көмегімен ескерткіштердің орналасуын, арақашықтығын, координаттарын анықтап алып, оны ұялы телефондағы «мой маршруты» қосымшасына жүктеу арқылы белгіленген нысандардың электронды картасы жасалынды. Сонымен қатар ескерткіштердің орналасу орындарын сәйкестендіру үшін Кеңестік әскери және географиялық карталар қолданылды.

Бұрыннан ғылымға белгісіз болып келген ескерткіштердің жаңа ғылыми құжаттамасы: жерсеріктік суреті, квадрокоптер құрылғысы арқылы (дрон) әуеден ортасуреттері түсіріліп, ортағасырлық қалалар мен бекіністердің арақашықтығы, алып жатқан жер көлемі, өлшемдері, координаттары алынды.

Талқылау және нәтиже

Экспедиция археологиялық барлау жұмыстарын Қызылорда облысының Сырдария ауданында жүргізілетін болғандықтан осы аудандағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің зерттелу тарихына шолу жасап, есепке алынып, ғылыми айналымға енген ескерткіштердің қазіргі экологиялық ахуалымен танысып, оларды сақтау, қорғау мәселесіне шолу жасалды.

1959-1960 жылдарда С.П. Толстов басқарған Хорезм археолого-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) Іңкәрдария бассейнінде жүргізген барлау жұмыстары барысында бірқатар ортағасырлық каналдарды, жобасында төртбұрышы, дөңгелек үй-жайларды, 1961 жылы Қожақазған 1, Қожақазған 2, Қожақазған 3 бекіністі елді мекендерін, Сырлытам қаланы, Сырлытам елді мекені мен Сырлытам кесенесін, Заңғар қаланы ашып, Ақмәмбет шатқалында бір топ елді мекендер бар екенін көрсеткен болатын (Толстов, 1963: 79-82). 1962 жылы Б.В. Андриянов Сайқұдық шатқалында орналасқан Сайқұдық қаланы ашты (Андриянов, 1969: 215).

1966-2020 жылдар аралығында Сырдария ауданында бірнеше экспедиция археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, бұрыннан белгілі ортағасырлық қалалардың тарихи құрылымын зерттеп, осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген көптеген қалалар мен елді мекендерді ашқан болатын. Соған қарамастан, осы күнгі интернет жүйесінде жарияланған Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде Сырдария ауданы жерінде 7 қалашық көрсетілген. Олар:

Асанас (VII-XV ғғ.), Кішіасар (VI-IX ғғ.), Қос асар (VII-X ғғ.), Үлкенасар (VI-IX ғғ.), Күмісасар (VI-IX ғғ.), Жетімасар (б.д.д. IV-б.д. VI-VII ғғ.) және Заңғарқала (IX-XI ғғ.) қалашықтары (ҚОТМЕТ, 2020).

2011 жылы шыққан «Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы» атты жинаққа Кіші асар, Үлкен асар, Заңғарқала, Күлеке асар, Кіші асар, Қожақазған I, Сырлытам қалашықтары, Сырлытам қонысы, Шіркейлі қос асары енген (Қызылорда облысы, 2011: 374-377, 413-414). Өкініштісі сол, осы жинаққа 1246 жылдан Орнас деген атпен белгілі және онда Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы қазба жүргізген ортағасырлық Асанас қаласы (Путешествие в восточные страны, 1993: 41; Рашид ад-Дин, 1957: 199-200 Вактурская, 1979: 127-131) мен 1246 жылдан Бархин, 1273 жылдан Барчинкент (Баршынкент) деген атпен белгілі (История Казахстана в персидских источниках, 2005: 155; Абсаттар хаджи Дербисали, 2019: 120-142) Қышқала мен Қоғалыкөл ауылының жанындағы ортағасырлық Құлболды қаласы да кірмей қалған.

Енді 2021 жылғы археологиялық барлау барысында атқарылған жұмыстарға тоқталсақ. Сырдария ауданында жүргізген барлау барысында осы уақытқа дейін есепке алынбаған 7 ортағасырлық ескерткіш ашылып, тіркеуге алынды. Олардың орналасқан жері мен топографиялық сипаттамасы жазылған қысқаша есеп, Білім және ғылым министрлігіне қарасты ресми мекемеге жіберілген (Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі есеп, 2021: 15). Жаңа ашылған ескерткіштердің үшеуі (Мадиярқала, Жайны және Сайқұдық I) қала орындары, үшеуі асарлар (Үшасар I, II, III), біреуі бекініс-камалдың (Жайны) орындарының жобасын сызып, суретке түсірді (Елеуов, Талеев, Есен, Құрманязов, Молдахмет, 2021: 120-125), (4-сурет). Барлау тобы бұрыннан белгілі 6 ескерткіште болып, олардың осы күнгі жай-күйі мен қорғалу деңгейімен танысты. Біз көрген Сырлытамқала, Заңғарқала, Токсейітқала, Сайқұдыққала, Қожақазғанқала, Егембай қалалары ғылымға XX ғ. 60-шы жылдарында белгілі болған ескерткіштердің кейбіріне мемлекет қорғауына алынған туралы қорғау тақтасы қойылмаған. Бір қызығы бірнеше жылдық қоқыс үйілген төбеге «Бұзықтам қалашығы» деп қорғау тақтасы қойылған. Тақта орнатылған жерде ешқандай мәдени қабат жоқ, оның ортағасырлық қаланың орны емес екені анық көрініп жатыр (1-сурет).

Ал *Тоқсейітқала* қалашығы жайлы толық сипаттама Ә.А. Тәжікеевтің мақаласында берілген (Тәжікеев, Дарменов, 2012: 127-133). Бірақ бұл қалашықты да ресми тізімдерден көрмедік.

1960 жылы С.П. Толстов ашқан *Қожақазған I қамалының орны* оның сипаттауы бойынша Қожақазған құдығының жанында болған. Біз жергілікті өлкетанушы, көп жылдар бойы

осы Бесарық әкімшілік округінде башылық қызметте болған, қазір зейнеткер Ж. Байзақтың жол көрсетуімен Қожақазған құдығына барып С.П. Толстов ашқан Қожақазған деп аталатын қамалды таптық. Бірақ, сол құдықтың жанындағы қалашықты жергілікті халық Қорғаншы деп атайды екен, жолсерік те ескерткіштің бұрыннан солай аталатынын айтты.



1-сурет – Бұзықтам қалашығы

1 – Ескерткіштің жалпы көрінісі; 2 – Ескерткішке қойылған тақта

С.П. Толстовтың Қожақазғанды сипаттауы бойынша кейбір мәліметтері Қорғаншыға сәйкес келеді, бірақ қамалға берген өлшемдері тура келмейді. Ол бойынша ескерткіш Жаңадарияның жоғарғы ағысының оң жағалауында орналасқан. Айнала қоршаған қабырғаларының жобасы тік төртбұрышты. Қамалдың қабырғалары дүниенің төрт тарапымен бағыттас. Цитаделдің көлемі (қабырғасының сыртқы жағымен есептелген) 120x120 м. Сыртқы қабырғасынан қалған еңселі де тік жалдың биіктігі 4 м. Қабырғаларында сегіз мұнараның ізі бар. Қабырғаның сыртындағы ордың ені 8-9 м. Ор мен қамалдың ішкі жағына сексеуіл өскен. Қақпа қамалдың оңтүстік қабырғасының бойында орналасқан. Қамалды қоршаған сыртқы қорғаныс қабырға одан 50-70 м қашықтықта өтеді. Оңтүстік шеттегі Жаңадарияның жағасына дейінгі 100 м аралықта үй құрылыстары орындары тығыз сақталған. Осы бөлікте үйлердің орындары, қыш ыдыстардың ұсақ сынықтары, қыш шлактары көп сақталған. Өзектің жағасында қыш кесектен қаланған жерлеу орындарының (мазардың) қалдықтары сақталған.

Ескерткіштің үстінде шашылып жатқан ыдыс сынықтарының арасында қолдан жапсырып жасаған ыдыстар мен арнайы шарықта жасалған ыдыстар кездеседі. Арнайы жасалған

ыдыстардың арасында шығырға пайдаланған ыдыстардың сынықтары да бар. Сырлы ыдыстардың (көк түсті) сынықтары сирек кездеседі. Қолдан жапсырылған ыдыстардың арасында қара түсті шикізаттан (балшықтан) жасалған, ернеуінде саусақ іздері бар ыдыстардың сынықтары жиі кездеседі (Толстов, 1963: 82).

С.П. Толстов Қожақазған 1 деп атап, сипаттаған қамал 2018 жылы Тұран археологиялық экспедициясы ашқан Қорғаншы қалашығына сәйкес келеді. Ол Қожақазған құдығынан батыста 1 км жерде орналасқан. Осы ескерткішке С.П. Толстов берген жалпы сипаттама Қорғаншыға сәйкес келгенмен оның (27-сурет) көлемінің өлшемдері сәйкес келмейді. Біз зерттеген Қорғаншы қалашығы Жаңадарияның жоғарғы ағысының оң жағалауында, Қожақазған құдығынан батысқа қарай 1 км жерде орналасқан (2-сурет). Оның қабырғаларының ұзындығы тең емес, төртбұрыш келген бекініс дүниенің төрт тарапымен бағыттас орналасқан. Қабырғаларының бойында С.П. Толстов айтқандай сегіз мұнараның орны бар. Олардың екеуі оңтүстік қабырғаның орта тұсындағы қақпаның екі шетіне салынған. Орталық қамалдың көлемі 60x50 м, сақталған биіктігі 4-4,5 м, оның сыртындағы ордың ізі анық байқалып жатыр. Қамалдың сыртқы қорғаныс қабырғасы өте нашар сақталған, ағарған ізі

ғана байқалады. Қамалды сырттай қоршаған қабырға онан (Толстов жазғандай) 50-70 м жерде жатыр, оның ұзындығы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 280 м, солтүстік-шығыстан оңтүстік батысқа қарай 220 м. Сыртқы қабырғасының оңтүстік шеті Жаңадариядан батысқа қарай қазылған каналдың бойымен шектескен [Елеуов, 2018: 29-30]. Ескерткіштің


үстінен табылған қыш ыдыстардың сынықтары С.П. Толстовтың сипаттауымен сәйкес келеді (3-сурет). Ескерткіште қазба жүргізіген жоқ. Мерзімделу мәселесі де Толстовтың пікірін растайды. Ескерткіштің сәулеткерлік жобасы мен үстінен табылған археологиялық материалдар Сырлытамқала мен Заңғарқала материалдарына өте ұқсас.



1



2



3

2-сурет – Қожақазған I (Қорғаншы) қалашығы:

- 1 – Қожақазған I (Қорғаншы) қамалының биіктен түсірілген суреті;
- 2 – Қожақазған I (Қорғаншы) қамалының жобасы;
- 3 – Қожақазған I (Қорғаншы) қамалының космостан түсірілген суреті



3-сурет – Қожақазған I (Қорғаншы) қамалынан табылған ыдыс сынықтары:

- 1 – Қожақазған I (Қорғаншы) қамалының қыш ыдыстарының сызбасы;
- 2 – Қожақазған I (Қорғаншы) қамалының сырлы қыш ыдыстары

С.П. Толстов жазған Қожақазған II және Қожақазған III бекіністі мекен жайларының біз ашқан қалашықтардың қайсысына сай келетіндігі белгісіз, себебі зерттеуші де олардың орналасқан жерін нақты көрсетпеген. Б.В. Андриянов оларды Асанас өзектің бойында деп көрсеткен.

Алғаш Андриянов ашқан *Сайқұдық қалашығы* орналасқан жер анықталды. Ол каналдан оңтүстікке қарай небәрі 200 м жерде, оның сол жағалауында орналасқан. Қалашықты Андриянов Сайқұдық су тоғанын зерттеу барысында тапқан [Андриянов, 1969: 215]. Ол қалашықтың сопақша келген жобасы Сырлытамқала мен Заңғарқалаға ұқсас және үстінен табылған қыш ыдыстардың сынықтары XI-XII ғғ. жатуы мүмкін деп көрсеткен. Бірақ оның көлем мен өлшемі жайлы ештеңе айтпаған.

Қалашықта 2021 жылы қайта зерттеу жұмыстарын жүргізген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) оны Сайқұдық I деп атады. Себебі онан 0,5 км жерде, Сайқұдық тоғанының сол жағасынан тағы бір қалашықтың орны анықталды.

Сайқұдық 1. Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан қалашықтың көлемі 110x150 м, оның ортасында орналасқан төртбұрышты цитадельдің көлемі 23x23 м. Қалашықты қоршап жатқан қамалдың сыртында орны бар.

Қалашықты 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.

Сайқұдық 2 қалашығы. Сайқұдық тоғанның сол жағасында орналасқан төрткүлдің көлемі 60x90 м, оның қатты бұзылған қабырғалары 0,6-0,9 м биіктікте сақталған. Төрткүлдің батыс бұрышын кейіннен қазылған канал бұзып өткен, соған қарағанда су жиятын Сайқұдық тоған қалашықтағы тіршілік тоқтағаннан кейін салынған болса керек. Қалашықтың үстінде ыдыс сынықтары жиі кездеседі.

Қалашықты 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.

Мадияр қала. Токсейіт қаладан оңтүстік-батыста 2 км жерде орналасқан. Сыртқы жобасы көпбұрышты, көлемі 300x230 м қала солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Қаланың сыртқы қамалы өте нашар сақталған, жер бетіндегі бедері білінер-білінбес. Мәдени қабаты өте жұқа. Ғарыштан түсірілген

суретте қаланың жобасы анық байқалады. Цитадель солтүстік-шығыс қабырғаның ортасында орналасқан, төртбұрышты, көлемі 75x80 м, бұрыштары дүниенің төрт тарапымен бағытталған. Қаланың үстінде қыш ыдыстардың сынықтары сирек кездеседі. Мадияр қала мен Токсейіт қаланың жобалары бір-біріне ұқсас, олардың көлемдері де шамалас.

Қаланы 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.

Жайны қалашығы. Сырлытам қалашығынан солтүстік-батысқа қарай 12,5 км жерде, Іңкәрдарияның құрғап қалған арнасының сол жағалауында, Жайны құдығына жақын маңда орналасқан. Бұрыштары сүйірленіп келген қалашықтың солтүстік қабырғасы Іңкәрдарияның сол жағалауына тақалып салынған. Қабырғаларының аралық ұзындығы шығыстан батысқа қарай 255, солтүстіктен оңтүстікке қарай 155 м. Цитаделі солтүстік қабырғасының орта тұсында. Төртбұрышты цитадельдің бұрыштары дүниенің төрт тарапынан кішкене ауытқып орналасқан. Көлемі 30x30 м, қабырғаларының құландысының биіктігі 0,5-0,8 м. Бұрын ғылымға белгісіз болып келген қала орны.

Қалашықты 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.

Жайны бекінісі. Бекініс Жайны қалашығынан солтүстік шығысқа қарай 8,5 км жерде, Іңкәрдарияның солтүстік арнасының құрғап қалған оң жағалауында жатыр. Сыртқы жобасы дөңгеленіп келген бекіністің диаметрі 120 м, өте нашар сақталған қабырғасынан қалған бедердің биіктігі 0,5-0,6 м. Ескерткіштің үстінде жатқан ыдыс сынықтарының дені күнделікті тұрмыста қолданылған сырланбаған ыдыстардікі.

Бекіністі 2021 жылы Тұран археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.

Үш асар кешені. Қышқаладан 14 км оңтүстікте, Жаңадарияның сол жағалауынан 1,5 км жердегі ескі арнаның бойында орналасқан кешен жеке-жеке жатқан үш асардан тұрады. Олардың алғашқысы домалақ (бөрік тәріздес) келген, қалған екеуі алаңды төбеге ұқсас. Асарлар бір-бірінен 0,5-0,6 км қашықтықта орналасқан (9-сурет). Үстіне сексеуіл өсіп кеткендіктен нақты нобайын анықтау қиын. Кешендегі төбелер топографиялық

құрылымы мен үстінен табылған қыш ыдыс сынықтарының сипатына қарағанда Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің асарларына ұқсас. Ескерткіштердің географиялық координаттары мен жобасы гугл бағдарламасы арқылы түсірілген космосуреттен алынды.

Үш асар 1. Жаңадарияның сол жағасынан 1,5 км оңтүстікте орналасқан. Жобасы домалақ (бөрік тәрізді) төбенің табанындағы аумағы 90-95 м, жоғарғы жағында – 70-75 м, биіктігі 7-8 м.

Асарды 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.


Үш асар 2. *Үш асар 1-ден* оңтүстік-батыста 0,6 км жерде орналасқан. Асардың жалпы көлемі 95x80 м, оның солтүстік-батыс шетінде орналасқан домалақ келген орталық бөлігінің

диаметрі 50 м, биіктігі 6-7 м. Оған оңтүстік-шығыс шетінен келіп жалғасқан алаңның көлемі 80x50 м, биіктігі 1-2 м.

Асарды 2021 жылы Тұран археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.

Үш асар 3. Асар *Үш асар 2-нің* шығыс шетінде, оған жақын орналасқан. Жобасында дөңгелек келген асардың аумағы 50 м, биіктігі 5-6 м, оны үш жағынан қоршаған алаңның көлемі 200x150 м, биіктігі 1-1,5 м. Алаңның сүйірленіп келген бұрыштары дүниенің төрт тарапымен бағыттас.

Асарды 2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) ашып, суретке түсіріп, топографиялық жобасын сызды. Қазба жүргізілген жоқ.



4-сурет – Барлау жұмыстары барысында жаңадан ашылған 6 ескерткіш:
1 – Сайқұдық 1 қалашығы; 2 – Сайқұдық 1 қалашығы; 3 – Мадияр қала;
4 – Жайны қалашығы; 5 – Жайны бекінісі; 6 – Үшасар кешені

Қорытынды

Сонымен, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) 2021 жылы Іңкәрдария мен Жаңадарияның Қышқалаға жақын аймағында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары барысында барлығы 12 ескерткіш зерттелді. Олардың бесеуі (Сырлытамқала, Заңғарқала, Тоқсейітқала, Сайқұдық, Қожақазған) бұрыннан ғылымға белгілі, бірақ ғылыми назардан тыс қалған. Басқа жетеуі (Мадияр қала, Жайны қалашығы, Жайны бекінісі, Сайқұдық I қалашығы, Үш асар 1, Үш

асар 2, Үш асар 3) алғаш ашылып, олардың ресми құжаттамасы жасалды (ғылыми айналымға енгізілді). Осы есеп мәліметтерін басшылыққа ала отырып, жаңа ашылған және бұрыннан реестрде бар ескерткіштердің басына арнайы белгілер қойып, бақылау, қорғау және сақтау шараларын жүзеге асыру жергілікті құзырлы мекемелердің міндетінде.

№АР09260898 «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» жобасы бойынша жазылды.

Әдебиеттер

- Абсаттар хаджи Дербисали (2019). Джамал ал-Карши из Семиречья // Простор. № 7. С. 120-142.
- Андрянов Б.В. (1969) Древние оросительные системы Приаралья. М.: Наука. 254 с.
- Вактурская Н.Н. Новые данные о городище Асанас // Археология и этнография Средней Азии. М., 1979. С. 180.
- Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есеп (2021). № АР09260898 Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контексінде (аралық) ғылыми зерттеулерді грантпен қаржыландыру бағдарламасы бойынша. Алматы. 194 б.
- Елеуов М., Талеев Д., Есенов С., Құрманязов И., Молдахмет А. (2021). Ортағасырлық Қышқалада 2021 жылы жүргізілген зерттеулер // Марғұлан оқулары – 2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контексіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 26-27 қазан 2021 ж.). 3 томдық. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2-том. 280 б.
- Елеуов М., Шағирбаев М., Молдахмет А. (2022). Ортағасырлық Қышқаладан табылған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау (2021 жылы табылған остеоматериалдар негізінде) // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы, №1 (104). Алматы: «Қазақ университеті», 34-48 бб.
- История Казахстана в персидских источниках (2005). I том. Алматы: Дайк-Пресс, 416 с.
- Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы (2011). Қызылорда облысы. Алматы: Аруана, 504 б.
- Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы Қышқала қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қызметі (2018). Ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп (аралық). Алматы. 94 б.
- Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V20L0007411>
- Маргулан А.Х. (1950). Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Наука. 123 с.
- Путешествия в восточные страны ПIANO Карпини и Гильома де Рубрука (1993). Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. Алматы: Ғылым. 248 с.
- Рашид-ад-дин (1950). Сборник летописей. М.-Л., Том I. 220 с.
- Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. (2012). Средневековые городища древней дельты Сырдарьи // Вестник Казахского государственного университета им. аль-Фараби. Серия историческая. №3. С. 127-133.
- Талеев Д.А., Елеуов М., Есенов С. (2018). Тағдыры жұмбақ Қышқала // Қазақстан археологиясы. Алматы. № 1-2. 369 б. (259-272).
- Толстов С.П. (1963). Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1958-1961 гг. // Материалы хорезмской экспедиции. Вып. №6. М.: АН СССР. 207 с.

References

- Absattar haji Derbisali (2019). Dzhamal al-Karshi iz Semirnch'ja [Jamal al-Karshi from Semirnchye] // Prostor, No. 7. From 120-142.
- Andryanov B. V. (1969). Drevnie orostitel'nye sistemy Priaral'e. [Old irrigation systems in the Aral Sea]. – M: Science. 254 Pp .
- Vakturskaya N.N. Novye dannye o gorodishhe Asanas [New data on the settlement of Asanas] // Archeology and ethnography of Central Asia. – M., 1979. p. 180.
- Research Report (2021). Gylymi-zertteu zhumysy zhonindegi esep (2021). № АР09260898 Ortagasyrlyk Qyshkala (Barshynkent): Altyn Orda dauirindegi kalalyk madeniet kontekstinde (aralyk) gylymi zertteulerdi grantpen karzhylandyru bagdarlamasy bojnynsha. [No. АР09260898 medieval Kyshkala (Barshynkent): under the grant funding program for scientific research in the context of urban culture of the Golden Horde era (intermediate)]. Alma-Altmy: 194 P.
- Eleuov M., Taleev D., Esenov S., Kurmanyazov I., Moldakhmet A. (2021). Ortagasyrlyk Qyshkaladan tabylgan zhanuar syjekterine archeozologijalyk taldau (2021 zhyly tabylgan osteomaterialdar negizinde) Ortagasyrlyk Qyshkalada 2021 zhyly zhyrgizilgen zertteuler [Studies of 2021 in medieval Kyshkala // Margulan readings-2021: materials of the international scientific and practical conference «The Great Steppe in the context of ethnocultural studies» dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan and the 30th anniversary of the Institute of Archeology named after A. H. Margulan] (Almaty, October 26-27, 2021). In 3-x volumes. Almaty: A. H. Margulan Institute of Archaeology, volume 2. 280 p.
- Eleuov M., Shagirbaev M., Moldakhmet A. (2022). [Archaeozoological analysis of animal bones found in medieval Kyshkala (based on osteomaterials found in 2021)] // Bulletin of the Al-Farabi Kazakh National University. Series «History», No. 1 (104), Almaty. «Kazakh University». pp. 34-48.
- Qazakstan Respublikasynyn tarihi zhane madeni eskertkishterinin zhinagy (2011). Istoriya Kazahstana v persidskih istochnikah (2005) [The History of Kazakhstan in Persian sources]. Volume I. Almaty: Dyke Press, 416 p.
- [Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan] (2011). Kyzylorda region. – Almaty: Aruana, 504 P.
- Qyzylorda oblysy Syrdariya audanyndagy Qyshkala kalashygyна archeologijalyk zertteu zhumystaryn zhyrgizu qyzmeti (2018) [Services for conducting archaeological research of the Kyshkala settlement of the Syrdarya district of the Kyzylorda region]. Report on research work (interim). – Almaty, 94 P.

Kyzylorda oblysy bojnsha zhergilikti maңызy bar tarih zhәне мәденiet eskertkishterinin memlekettik tizimin bekitu turaly [On approval of the state list of historical and cultural monuments of local significance in the Kyzylorda region] // [https://adilet zan. kz/kaz/docs / V20L0007411](https://adilet.kz/kaz/docs/V20L0007411) . Date 01.05.2022.

Margulan A. H. (1950). Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazakhstana. [From the history of cities and the construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 123 P.

Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruka (1993). [A Journey to the Eastern countries by Plano Carpini and Guillaume de Rubruk. Series: Journey]. Discovery. Adventures. Almaty: Nauka, 248 P.

Rashid al-din (1950). Sbornik letopisej [Collection of chronicles]. M.; L., Volume I. 220 p .

Tazhekeev A. A., Darmenov R. T. (2012). Srednekovoye gorodishha drevnej del'ty Syrdar'i / [Medieval settlements of the ancient delta of the Syr Darya] // Bulletin of the Al-Farabi Kazakh State University. Historical series. No. 3. – pp. 127-133.

Taleev D. A., Eleuov M., Esenov S. (2018). Tagdyry zhumbaқ Qyshkala [Kyshkala with a mysterious fate] // archeology of Kazakhstan. – Almaty: No. 1-2. – pp. 369 (259-272).

Tolstov S. P. (1963). olevye issledovaniya Horezmskoj jekspedicii v 1958-1961 gg. [Field studies of the Khorezm expedition in 1958-1961]. // Materials of the Khorezm expedition. Issue No. 6. M., USSR Academy of Sciences. 207 p.